

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК	
ГККП «МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР» АКИМАТА ГОРОДА АСТАНЫ	
Шығыс (Исходящий) №	1104
« 22 »	11 20 23 ж.г.

**Мектепке дейінгі білім беру
ұйымдарының басшыларына**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК «Абай аманаты» жобасы негізінде мектепке дейінгі ұйымдар арасында «Тәуелсіз Қазақстан бүлдіршіндерінің – Абай деп соққан жүрегі» қалалық байқауын өткізетінін хабарлайды.

Қосымша: 3п.

Басшы



С. Дауешова

С. Смайыл
48-11-57

«Келісілді»

Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МКҚК басшысы


С. Дауешова
« 27 » _____ 2023 ж.

«Бекітілді»

Астана қаласы әкімдігінің
«№49 «Алтынай» балабақшасы»
МКҚК меңгерушісі м.а.

_____ М. Жолбарысова
« ____ » _____ 2023 ж.

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БҮЛДІРШІНДЕРІНІҢ – АБАЙ ДЕП
СОҚҚАН ЖҮРЕГІ» атты балабақша тәрбиеленушілеріне
арналған қалалық байқау
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер «Абай аманаты» жобасы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдар арасында ұлы ақын Абай Құнанбаев туындыларын меңгерген мектепалды топ тәрбиеленушілерінің қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан бүлдіршіндерінің – Абай деп соққан жүрегі» атты балабақша тәрбиеленушілеріне арналған қалалық байқауды ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Байқау 2023-2024 оқу жылындағы ашылып отырған «Абай аманаты» эксперименталды алаңның бағдарламасын іске асыруын қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларды бойына Ұлы ақынның баға жетпес мол мұрасын санасына сіңіру және өскелең ұрпақтың ұлттық рухын және патриоттық сезімдерін ояту.

1.4. Міндеттері:

- коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- ақын туындыларына деген құндылық қатынасты қалыптастыру;
- өлеңді мәнерлеп нақышына келтіріп оқуға ынталандыру;
- шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- патриоттық сезімдерін, ұлтына, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін, ұлттық – мәдени құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары.

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және Астана қаласы әкімдігінің «№49 «Алтынай» балабақшасы» МКҚК

2.2. Байқаудың комиссия мүшелері:

- лайықты үміткер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- өлеңнің ұзақтығы осы Ережеде белгіленген ұзақтықтан асқан жағдайда тындамауға құқылы.

2.3. Байқауға қатысу үшін өтінім осы Ереженің 1 қосымшасына сай толтырылады.

2.4. Өтініштер байқаудың атауымен **2023 жылдың «11» желтоқсанынан** кешіктірілмей №49 «Алтынай» балабақшасының



altinay.sadik49@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен өтініштер қаралмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары.

3.1. Байқау Астана қаласы әкімдігінің «Абай аманаты» жобасы негізіндегі мектепке дейінгі ұйымдар арасында өткізіледі.

3.2. Байқауға әр балабақшадан бір қатысушы (мектепалды топ 5 жас) қатыса алады.

3.3. Абай өлеңін мәнерлеп, нақышына келтіріп оқу (12 жолдан кем болмауы шарт) ұзақтығы 3-5 минуттан аспайтын мерзімде ұсынылуы тиіс.

3.4. Балалар шығармашылық қабілеттерін белгіленген тақырыпта, өз идеяларымен ұштастыра жеткізуі тиіс.

4. Бағалау критерилері.

4.1. Балалардың орындау деңгейі 5 балдық жүйемен келесі критерилер бойынша бағаланады:

- байқау тақырыбына сәйкестігі;
- қатысушының жасына сәйкестігі;
- сахна мәдениеті, ұлттық костюм, реквизит (балабақша атауы, қатысушының аты-жөні), орындау мәдениеті;
- креативтілік, шығармашылық және эмоционалдылығы;

5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау.

5.1. Байқаудың қорытындысы келесі номинациялар бойынша жүлделі орындар белгіленеді:

I орын, II орын, III орын және төмендегі номинациялар беріледі

1. «Ең сүйкімді орындаушы»
2. «Жүрекпен орындаушы»
3. «Лирикалық орындаушы»
4. «Өжет орындаушы»
5. «Көңілді орындаушы»
6. «Көрермендер көзайымы»
7. «Өз Отанының патриоты»
8. «Қайратты орындаушы»
9. «Арманшыл орындаушы»
10. «Көркем орындаушы»
11. «Өлеңді мәнерлеп орындаушы»
12. «Ерекше орындаушы»
13. «Шебер орындаушы»
14. «Үздік орындаушы»

5.2. Байқау жеңімпаздары және қатысушыны дайындаған педагогтер Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығының алғыс хаттарымен марапатталады.

5.3. Анықтама телефоны: 8(7172) 34-41-70, 87477525228, 87712798885

5.4. Байқаудың өткізілу уақыты мен өткізілетін орны

- Байқау 2023 жылдың 15 желтоқсанында өткізіледі.
- № 49 «Алтынай» балабақшасы МКҚК, Петрова 3/1 көшесі, басталу уақыты - 9.00

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН БҮЛДІРШІНДЕРІНІҢ –АБАЙ ДЕП
СОҚҚАН ЖҮРЕГІ» атты балабақша тәрбиеленушілеріне
арналған қалалық байқауына қатысуға
Өтінім**

Мектепке дейінгі ұйымның (жарғыға сәйкес) толық атауы	
Қатысушы баланың аты-жөні, жасы	
Оқилатын өлеңнің атауы	
Қатысушыны дайындаған 1 педагогтің аты-жөні	
Педагогтің байланыс телефоны	

Өтінім толтыру күні «__» _____ 2023 ж.